

АНА ТІЛІ

Ғұн Тазаев

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

«Мәтін деген – меніңше...»



Төре Рахманның (Төрегелді Тұяқбайдың) «Сөзбиі» атты кітабы «Төрт тоғыс», «Аушадияр», «Ақ пен қара» және «Қар мен жаңбыр» деп аталатын төрт кітаптан тұратын, барлығы мың бір сөзбиін қамтитын, қап-қалың тетралогия. Автордың сөзбиімен мерзімді баспасөз арқылы және өзі сыйлаған «Төрт тоғыс» сөзбиі-кітабы арқылы жақсы таныспын. Әсіресе, кітапты әдебиетші ретінде шұқшия оқығаным есімде.

«Қазақ – сөзге тоқтайтын халық» деп жатамыз ғой. Сөзге тоқтау үшін де, алдымен оның байыбына барып, мән-мағынасын пайымдай білу керек қой. Мысалы, «масат» деген сөздің мағынасы – «көтеріңкі көңіл-күй, масайраған шаттық-күйі» екенін екінің бірі біле бермесе де, «масаттанудың – рахаттану, қатты қуану» екенін көпшілік біледі. Масат дегеніміз – шалқыған көңіл, қызықты, қуанышты күй. «Құрметпен Балағаздың атын байлап, Масатпен отырушы ед күліп-ойнап», – деген әйгілі Исаның жыр жолдарынан кейін бұл сөз қолданыла қойған жоқ-ау деп ойлаймын. Ал, Төрегелді ақын бес әріптен тұратын «масат» деген сөзді өз бетінше: М – мәтін, А – адым, С – саз-күйі, А – айту, Т – тындау» деген бес сөздің бас әріптерінен құрастыра отырып, осы сөзге мүлдем жаңа мағына үстейді. Яки аталған бес сөздің құрама мәтінінен жаңа сөз – жаңа мағына туындатып отыр.

Бірінші әріп «М – мәтінге» автор: «Мәтін деген – меніңше, сөзбиі ғой!» деген анықтама береді. Ал, «сөзбиі» дегенді қалай түсінеміз? Екі сөзден біріккен

құрама сөздің бірінші сыңарының («сөз») мағынасы көпшілікке түсінікті болғанымен, екінші сыңары («би») көп мағыналы сөз ретінде екіұштылау, түсініксіздеу. Дойбы тақтасында жүріс жасап, төрге (биге) шыққан дойбы тасын есептемегенде, бұл сөздің негізінен тағы да үш мағынасы бар: біріншісі – бізге қазақ тарихынан мәлім, дау-жанжалды бітістіретін билер болса, екіншісі – белгілі бір мәселеде билеп-төстейтін, билік етуші, үстемдік құрушы, өкілдігі басым күш иесін («өзі – би, өзі – қожа» деген сияқты), ал, үшіншісі – белгілі бір дыбыс, әуен, музыка ырғағына сай бейнеленетін қимыл-қозғалысты, әрекетті (билеуді) білдіреді. Егер «сөзбиі» деген сөздегі «би»-дің ешқандай да дау-жанжалға қатысы жоқ екенін ескерсек, онда «би» сөзінің соңғы негізгі екі мағынасы ғана қалады: біреуі – «сөз билеушісі, сөз әміршісі», екіншісі – «сөздердің билеуі» (орысша – «танец слов») деген мағыналар.

Тоқ етерін айтқанда, масатшы ақын «сөз – мәтін – мәнмәтін (контекст)» немесе керісінше «мәнмәтін – мәтін – сөз» күрделі комбинацияларын шебер қолдана отырып, сиқырлы сөздің сан қатпар қойнау-қабаттарын, түпсіз терең түкпірлерін алтын іздеген кеншідей кезіп, шарлап кетеді. Автордың қазақ тілінің лексиконында мағынасы көмескіленіп, ұмытыла бастаған, әдеби қолданыстан қалып бара жатқан кейбір «көнерген» мыңдаған сөзді қайта жаңғыртып, сөзбиі мәтінінің сілтемесінде оның түсіндірмесін қоса беріп, ұтымды пайдалануы қазақ әдеби тілінің лексикалық қорын байыта түсетіні сөзсіз.

Ақынның «Уақытты сөзбен өлшеп» деуіне қарағанда сөзбиінің белгілі бір адыммен (өлшеммен: буынмен, бунақпен, ұйқаспен, ырғақпен) поэзия ауылына қарай «аяндайтынын» көрсетеді. Бұл біз байқаған екінші жаңалық дер едік.

Ұйқасқа байланысты ең басты жаңалығы – сөзбиі ә дегеннен-ақ, яки түйдектің (шумақтың) бірінші тармағынан (жолынан) бастап-ақ ұйқасады: ұйқаспен басталып, ұйқаспен аяқталады десек те болады. Дәстүрлі қазақ поэзиясында ұйқас ұғымы негізінен өлеңнің аяққы жағына (клаузулаға) қатысты айтылса, сөзбиінде ол түйдектің бастапқы тармағына да (сөзіне де немесе бунағына да) қатысты болмақ. Ал ұйқастардың буын санына келетін болсақ, сөзбиі түйдектерінен оның сан алуан пішінін кездестіреміз: жыр жолдарында қазіргі қазақ өлеңіне тән қарапайым 3-4 буынды ұйқастан бастап, 5-6, 7-8, 10-11 буынды күрделі ұйқастарға дейін молынан ұшырасады.

Жеті жолдан, жиырма сөзден тұратын осы сөзбиі түйдегі ұйқасқа мейлінше бай: осындағы жиырма сөздің он алтысы түйдектің тұтастай тармағымен (Ұлы дала – Тілі ғана – Түріп ана; есінді түлен түрткен – төсінді түрен түрткен) немесе жекелей сөздерімен (есінді – кесірлі – кесілді – төсінді) өзара ұйқасады. Сөзбиі түйдектерінде кездесетін осындай тұтастай тармақтар ұйқасын «тармақ ұйқас» деп атауды ұсынамыз.

Түйдектің бесінші жолындағы курсивпен терілген, үш буыннан тұратын «кесілді» деген сөз екінші, үшінші, жетінші жолдардағы «есінді, кесірлі, төсінді» деген сөздермен жекелей оқшау ұйқасқан. Мұндай ұйқастар сөзбиі

жолдарының жан-жағында (құрамында) бұзып-жарып: біресе басында, біресе ортасында жүре беретіндіктен оларды «жармақ ұйқас» (немесе «жүрдек ұйқас») деп атауды ұсынамыз. Осы мысалға келтірілген бір түйдектің өзінен ғана үш буынды, төрт буынды және жеті буынды сан алуан ұйқас түрлерін кездестіреміз.

Төрт тармақтан тұратын түйдектің әрбір соңғы ұйқасатын сөзін немесе бунағын (клаузуласын) келесі түйдектегі ілкі сөз немесе бунақ қайталай іліп әкететіндіктен, бұл қайталанып отыратын ұйқасты «ілмек ұйқас» немесе «түрмек ұйқас» деп атауды ұсынамыз. Ілмек ұйқас немесе түрмек ұйқас сөзбиінің өне бойында, түйдек пен түйдекті жалғастырушы ұйқас ретінде тұрақты түрде кездесіп отырады. Сондықтан мұндай ұйқас түрлерін сөзбиі түйдектеріне тән ерекше құбылыс деп айтуға да болады.

Қоғамдағы кемшіліктің өзін мақтамен бауыздағандай етіп, «мақтап, мадақтай» отырып, бейнелей көрсету – қазақта ғана емес, әлем халықтары әдебиетінде де бұрыннан бар тәсіл. Қазақта мұны «терісқақпай», «кертолғау» деп жүрсек, тіпті, күй өнерінде де кездесетін бұл үрдіс домбыраның құлақ күйін келтіргенде де «терісбұрау» деп келетіні тағы бар. Әйтсе де бұл арада сөз болып отырған «терісқақпайдың», «кертолғаудың» түйдекті теңдеулерге үш қайнаса сорпасы қосылмайтыны айдан анық.

Автордың сөзбиінде толғаған түйдектерінің тап сол күйінде үтірі мен нүктесіне дейін неліктен кері қарай толық қайталанатыны әзірге бізге белгісіз, «жұмбақ» жаңалығы болып отыр. Әрбір автордың өзіне тән «құпиясы» болады десек те, масатшы ақынның сөзбиі түйдектерінің математикалық дәлдікпен керісінше қайталану құбылысының белгілі бір мақсаттан туғаны айдан анық.

Үшінші жаңалық – сөзбиін оқып отырғаныңда белгілі бір саз-күйі (екпін – ырғақ – саз – әуез – әуен) арқылы түйдектердің әрбір дыбысы, буыны, бунағы, сөзі, тармағы бірден екпіндете, шалқыта билей жөнелгендей әсерге бөлейді.

Төртінші жаңалық – айту, яки сөзбиі мәтінін дауыстап, мәнерлеп, мақамдап айта білу немесе оқи білу. Әрбір сөзбиін бастапқы бунақтарынан аяққы буын-бунақтарына дейін өлең сөзге тән өзіндік екпінімен, ырғағымен, мақамымен дауыстап оқып (айтып) көргенде ғана оның силлабикалық-тоникалық поэзияға тән қасиеті ашыла түседі.

Бесінші жаңалық – тыңдау: «сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» (Абай) демекші, тыңдаушысы (оқырманы) болмаса, бұл сөзбиінің мүлдем түсініксіз, өгей өнердің күйін кешетінін білдіреді.

Сөзбиінің алтыншы жаңалығы – мәтіндегі математикалық дәлдік. Кез келген сөзбиі түйдектерін ерінбей-жалықпай өзара салыстырып қарасаңыз, жұлдызшалардан кейінгі түйдектің мәтіні әрбір сөзіне, нүктесі мен үтіріне дейін сақтала отырып, кері қарай дәлме-дәл, математикалық дәлдікпен қайталанатынына таң қалмасқа шараң жоқ.

Жетінші жаңалық – саз-күйі (музыка). Автордың жазуынша, әрбір сөзбиі белгілі бір ырғақпен, әуезбен, мақаммен, әуенмен немесе әнмен айтылады екен: «Саз-күйі ме, алдымен сөзбиі ме? Оның жайын ешкімнен сұрамадым.

Екеуі де – перзенті бір ананың! Бір-бірінен екеуін бөле көрме: саз-күйінсіз сөз құнын төлетер ме!?» дейді сөзбиінің шарты бойынша. Пікірімізді түйіндесек, «масатшылық – синкретті өнер» деген тоқтамға келеміз.

Серік НЕГИМОВ,
филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері